

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 561 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 9, 69-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыптағы және 1-тармақтағы "ұстап қалудың" деген сөздерден кейін "(қоса есептеудің)" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесінде:

тақырыптағы "ұстап қалудың" деген сөздерден кейін "(қоса есептеудің)" деген сөздермен толықтырылсын;

мәтіндегі "төлеуші", "төлеушінің", "зейнетақы жарналарын төлеуші", "төлеушіге", "зейнетақы жарналарын төлеушіге", "төлемші", "міндетті зейнетақы жарналарын төлеуші", "төлеушілер", "төлеушілерден", "міндетті зейнетақы жарналарын төлеушілер", "төлеушілерді", "төлеушілердің" деген сөздер тиісінше "агент", "агенттің", "агентті", "агентке", "агенттер", "агенттерден", "агенттерді", "агенттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (

Салық кодексі) сәйкес әзірленді және міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттердің (бұдан әрі - агенттер) міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына есептеуінің, ұстап қалуының (қоса есептеуінің) және аударуының тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке меншік нотариустар агент ретінде өздерінің орналасқан (тұратын) жері бойынша салық органдарында есепке алынуға жатады.";

3-тармақтың бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын агенттер қызметкерлерге төленетін кірістен ай сайын міндетті зейнетақы жарналарын есептейді және ұстап қалады, және оларды қызметкер ұсынған зейнетақы шарты көшірмесінің негізінде жинақтаушы зейнетақы қорларына аударды.

Жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке меншік нотариустар ай сайын міндетті зейнетақы жарналарын есептейді және оларды өзінің пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына аударды.";

3 - 1 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "есептіден кейінгі айдың он бесі күнінен" деген сөздер "кірістер төленген айдан кейінгі айдың бесі күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші абзацтағы "өзі үшін - он бесінен кешіктірмейтін мерзімде" деген сөздер "өз пайдасына - бесінен кешіктірмейтін мерзімде" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4-тармақтың екінші абзацындағы "енгізуге құқылы" деген сөздер "енгізеді" деген сөзбен ауыстырылсын ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу және төлеу мынадай ставкалар бойынша жүзеге асырылады:

заңды тұлғалар, сондай-ақ жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке меншік нотариустар - қызметкердің төлем көзінен салық салынуға жататын ай сайынғы кірісінің он пайызы мөлшерінде. Бұл ретте, міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы кіріс ең төменгі айлық жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінен аспауға тиіс ;

жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке меншік нотариустар өзінің пайдасына - мәлімдейтін кірісінің он пайызы мөлшерінде, бірақ ең төменгі жалақының он пайызынан кем емес және ең төменгі айлық жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінен артық емес." ;

6-тармақ алынып тасталсын ;

7-тармақтағы "Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы

жарналарын" деген сөздер "Міндетті зейнетақы жарналарын, оның ішінде берешекті зейнетақы шарты қолданылатын жинақтаушы зейнетақы қорына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

екінші және үшінші абзацтар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Атына жарналар аударылатын жинақтаушы зейнетақы қорының деректемелері мен атауы сәйкес келмеген және/немесе форматы МТ-102 тізімде көрсетілген салымшының тіркелген әлеуметтік жеке коды болмаған кезде зейнетақы жарналары агенттің шотына қайтарылады.";

9 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Агенттер міндетті зейнетақы жарналары аударылатын кезеңді қағазға жасалатын төлем тапсырмаларында "Төлемнің мақсаты" деген бағанда, ал форматы МТ-102 электронды төлем тапсырмаларында форматта көзделген "ММГГГГ" жеке жиегінде көрсетеді.";

10-тармақтың екінші абзацында:

"өзі үшін" деген сөздер "өзінің пайдасына" деген сөздермен ауыстырылсын;
", оның ішінде, банктегі банктік есеп шотының нөмірін, зейнетақы шартының нөмірі мен жасалған күнін" деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын осы сомалар агенттердің банктік шоттарынан есептен шығарылған күні Орталық арқылы аударады. Банктердің Орталыққа ақша аударуы төлем жүйесіндегі жұмыстар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен форматтарға сәйкес жеке тұлғалардың тізімдерімен бірге электронды төлем тапсырмаларымен жүзеге асырылады." ;

3-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Агенттердің, салымшылардың (алушылардың) және жинақтаушы зейнетақы қорларының міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезінде қателер байқалған жағдайдағы іс-әрекеттерінің тәртібі

13. Салымшы (алушы) төленген міндетті зейнетақы жарналарының жекелеген сомаларының болмауын байқаса, зейнетақы төлемдерін немесе жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомалары туралы деректер алған кезде, тиісті деректерді алу және жол берілген қателерді түзету шараларын қабылдау үшін жинақтаушы зейнетақы қорына кез келген уақыттағы аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы төлем құжаттарының көшірмесін және төлем

құжаттарына қоса берілген, өзінің жеке басына қатысты жеке тұлғалар тізімінің көшірмесін өзіне беруі жөнінде агентке жазбаша өтініш жібереді.

14. Агент заңнамада белгіленген тәртіппен таратылған және тарату процесі аяқталған жағдайда, салымшы (алушы) Орталық мемлекеттік мұрағатқа, ал тарату өндірісі барысында тарату комиссиясына өтініш жасайды, олар оған құжаттардың расталған көшірмелерін береді. Салымшы (алушы) алған мұрағаттық төлем құжаттарының көшірмелерін өтінішпен қоса жинақтаушы зейнетақы қорына жібереді.

15. Міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын есептеу кезінде, төлем тапсырмаларында, жеке тұлғалардың тізімінде қателер байқалған жағдайда, сондай-ақ салымшының (алушының) немесе жинақтаушы зейнетақы қорының қателер байқалғаны туралы жазбаша хабарламасын алғаннан кейін, агент үш банктік күн ішінде тиісті жинақтаушы зейнетақы қорына қателердің түзетілуі туралы өтінішпен жүгінуі тиіс. Өтінішке осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама-растама және салымшының (алушының) өтініші қоса беріледі.

Міндетті зейнетақы жарналарын қолма-қол ақшамен төлеуді жүзеге асыратын агенттер, анықтама-растамаға банктік түбіртектердің көшірмесін қоса береді.

16. Қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын қайтаруға арналған өтініште: салық төлеушінің атауы мен тіркеу нөмірі (СТН), агенттің банктік шоты, төлем құжаттарының көшірмелері, қате жіберілген жеке тұлғалардың тізімдері, басқа жинақтаушы зейнетақы қорына арналған міндетті зейнетақы жарналарының сомалары есептелген жағдайда - зейнетақы шартының көшірмесі, өткізілген күні мен қайтару себебі көрсетіледі. Өтінішке басшының, бас бухгалтердің қолы қойылған және мөрмен расталған болуы тиіс.

17. Жинақтаушы зейнетақы қоры агенттердің немесе салымшылардың (алушылардың) өтініші негізінде он банктік күн ішінде өтініште көрсетілген барлық деректемелер бойынша зейнетақы жарналарының түсімін тексереді.

Жинақтаушы зейнетақы қоры салымшылардың (алушылардың) әлеуметтік жеке кодында, тегінде, атында, әкесінің атында ауытқушылық болған жағдайда дерекқорға өзгерістер енгізеді, бір салымшының (алушының) бірнеше жеке шоттары болған кезде оларды біріктіреді.

18. Агентке қызмет көрсетуші банк электронды төлем тапсырмаларын осы Ереженің 12-тармағына сәйкес ресімдеу кезінде қате жіберген жағдайда, банк "Төлемдер мен ақша аударымдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жіберілген қателерді реттеу жөнінде шаралар қабылдайды.

19. Қызмет көрсететін банктің кінәсінен қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын қайтаруға арналған өтініште: салық төлеушінің атауы мен тіркеу нөмірі (СТН), жеке сәйкестендіру коды (ЖСК), банктік сәйкестендіру

коды (БСК), төлем құжаттарының көшірмелері, өткізілген күні мен қайтару себебі көрсетіледі. Өтініш басшының, бас бухгалтердің қолы қойылған және мөртаңбамен расталған болуы тиіс.

20. Жинақтаушы зейнетақы қорлары қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын Орталықтың банктік шоты арқылы, жеке тұлғалардың тізімін қоса бере отырып, төлем тапсырмасымен қайтаруды жүргізеді, төлемнің тағайындау коды "032".

21. Агент салық салуға жатпайтын жекелеген төлем түрлерін салымшының (алушының) кірісіне енгізуге байланысты артық есептелген және аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын келесі аударымдарды реттеу жолымен түзетеді.

22. Орталық жинақтаушы зейнетақы қорларынан қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын алғаннан кейін ақша түскен күннен бастап үш банктік күн ішінде міндетті зейнетақы жарналарын аударуды жүргізеді.

23. Банк қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын Орталықтан келіп түскен күннен бастап үш банктік күн ішінде, міндетті зейнетақы жарналарының қайтарылғаны туралы агентті хабардар етуге тиіс.;

24-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Кіріс іс жүзінде төленген және салымшы оны алған кезде агенттің уақытында ұстап қалмаған (қоса есептемеген) және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын салық органдары өндіріп алады немесе агенттер кешіктірілген күн үшін (Орталыққа төлем жасау күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімақымен міндетті зейнетақы жарналарын салымшылардың пайдасына аударуы тиіс.;"

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Агенттер міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмағаны (қоса есептемегені) және аудармағаны үшін өсімақы төлеуді зейнетақы шарты қолданылатын жинақтаушы зейнетақы қорына Орталықтың банктік шоты арқылы жүргізеді, төлемнің тағайындау коды "019";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Орталық ақшаны жинақтаушы зейнетақы қорларына уақытында аудармағаны үшін тиісті жинақтаушы зейнетақы қорларына кешіктірілген әр күн үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде (төлеу күнін қоса) өсімақы төлейді.

Орталық өсімақы төлеу үшін агенттің төлем тапсырмасы негізінде әрбір жеке тұлға бойынша, міндетті зейнетақы жарналарын төлеу кезінде жеке тұлғалардың тізімдері үшін осы Ереженің 9-тармағында көзделген, деректемелері бар, "жарна сомасы" бағанын қоспай, жеке тұлғалардың тізімін қоса отырып, форматы МТ-

102 электронды төлем тапсырмасын қалыптастырады. Жарна сомасының орнына тізімге сәйкес әрбір жеке тұлға бойынша бөлінген өсімақы сомасы көрсетіледі.";

3 5 - т а р м а қ т а :

"өсімақы" деген сөзден кейін "мен айыппұлдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

"салық заңдарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 35-1, 35-2, 35-3-тармақтармен толықтырылсын:

"35-1. Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек қалыптасқан кезде салық органдары агентке хабарлама жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әр жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша берешектің жалпы сомасын көрсете отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының тізімін салық органына ұсынудың қажеттігі туралы жазбаша хабар (хабарлама) жібереді.

Агент сонымен бір мезгілде, пайдасына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек өндірілетін жеке тұлғалардың тізімін оларды агенттің банкіне ұсыну үшін әрбір жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша қалыптастырады.

35-2. Салық органы агенттерден жинақтаушы зейнетақы қорларының тізімдерін алған кезде, соңғы алушы ретінде бенефициар - жинақтаушы зейнетақы қорын және делдал банк ретінде Орталықты көрсете отырып, агенттердің банктік шоттарына инкассалық өкімдер ұсынады.

35-3. Агенттер салық органдары ұсынған инкассалық өкімдер бойынша пайдасына берешек өндірілетін жеке тұлғалардың тізімдерін ұсынбаған, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек болған кезде салық органдары агенттердің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы өкім шығарады.";

3 6 - т а р м а қ т а :

"Мемлекеттік кіріс" деген сөздер "Қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлер, адвокаттар, жеке нотариустар банкке қолма-қол ақшамен енгізген, қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарының келіп түскен тізілімдері мен қайтарылған тізілімдері жеке ұсынылады.";

37-тармақтың екінші абзацында "міндетті зейнетақы жарналарын төлеушіні" деген сөздер "агентті" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

